



**"Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінген тауарларды қадағалап отыру тетігі туралы келісімді ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 1016 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінген тауарларды қадағалап отыру тетігі туралы келісімді ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*А. Мамин*

Жоба

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінген тауарларды қадағалап отыру тетігі туралы келісімді ратификациялау туралы**

2019 жылғы 29 мамырда Нұр-Сұлтанда жасалған Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінген тауарларды қадағалап отыру тетігі туралы келісім ратификациялансын.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

Бейресми аударма

**Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінген тауарларды қадағалап отыру тетігі туралы  
КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі мүше мемлекеттер деп аталатын Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер,

кедендік және салықтық төлемдерді төлеуден жалтарудың әртүрлі схемаларын пайдалануды болдырмауға жағдай жасауға ұмытыла отырып,

тауарларды бір мүше мемлекеттің аумағынан басқа мүше мемлекеттің аумағына өткізу кезіндегі олардың айналымының заңдылығын растау мақсатында,

тауарлар айналымымен байланысты операцияларға бақылауды қамтамасыз етуге ниет білдіре отырып, төмендегілер туралы келісті:

## **1-бап**

Осы Келісімнің мақсаттары үшін мыналарды білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"тұлға" - жеке тұлға, оның ішінде, дара кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлға, заңды тұлға, сондай-ақ заңды тұлға болып табылмайтын ұйым;

"қадағалап отыру тетігі" - ұлттық қадағалап отыру жүйесінен мәліметтер алмасудың негізінде жұмыс істейтін және тауарлар айналымын бақылау мақсатында қадағалап отыруды қамтамасыз ететін жүйе;

"ұлттық қадағалап отыру жүйесі" - мүше мемлекеттің қадағалап отыруға жататын тауарлар және осындай тауарлар айналымымен байланысты операциялар туралы мәліметтер жинауды, есепке алуды және сақтауды қамтамасыз ететін ақпараттық жүйесі;

"тауарлар айналымы" - Ішкі тұтыну үшін шығару кеден рәсіміне сәйкес қадағалап отыруға жататын тауарларды шығару, осындай тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында өткізу, өткізумен байланысты және осы Келісімнің 4-бабының 4-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия айқындаған жағдайларда оларды бір мүше мемлекеттің аумағынан басқа мүше мемлекеттің аумағына өткізу;

"қадағалап отыру" - осы Келісімді іске асыру мақсатында ұлттық қадағалап отыру жүйесін пайдалана отырып, қадағалап отыруға жататын тауарларды және осындай тауарлар айналымымен байланысты операцияларды есепке алуды ұйымдастыру;

"тауарларды өткізу" - тауарларды иелену, пайдалану және оларға билік ету құқығын мүше мемлекеттердің заңнамасында көзделген кез келген тәсілдермен бір тұлғадан екінші тұлғаға беру;

"бөлшек сауда" - тауарларды жеке, отбасылық, үйшілік және кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес өзге де мақсаттарда пайдалану үшін сатып алуға және сатуға байланысты сауда қызметінің түрі;

"ілеспе құжат" - шот-фактура немесе мәліметтері ұлттық қадағалап отыру жүйесіне енгізілетін, мүше мемлекеттің заңнамасында айқындалған өзге де құжат;

"қадағалап отыруға жататын тауарлар" - осы Келісімнің 2-бабының 2-тармағына сәйкес қадағалап отыру жүзеге асырылатын тауарлар.

Осы Келісімде қолданылатын өзге де ұғымдар 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта және Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі - Одақ) шеңберіндегі халықаралық шарттарда айқындалған мағынада қолданылады.

## **2-бап**

1. Осы Келісім қадағалап отыру тетігінің жұмыс істеу тәртібін айқындайды.

2. Осы Келісімге сәйкес қадағалап отыру Еуразиялық экономикалық комиссия бекіткен тізбеге (бұдан әрі тиісінше - тізбе, Комиссия) енгізілген, Одақтың кедендік аумағына әкелінген мынадай:

1) Ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларға;  
2) тәркіленген немесе өзге де тәсілмен мемлекеттің меншігіне (кірісіне) айналдырылған, ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсімімен орналастырылмаған тауарларға;

3) сот шешімі бойынша кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу есебіне өндіріп алу қолданылған тауарларды ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсімімен орналастырылмаған тауарларға;

4) Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 51-тарауына сәйкес кеден органдары ұстаған және осындай тауарларға қатысты өкілеттіктері бар тұлғалар белгіленген мерзімде талап етпеген тауарларға қатысты жүзеге асырылады.

3. Басталған кезде осы баптың 2-тармағының 2-4-тармақшаларында көрсетілген тауарлар қадағалап отыруға жатқызылатын мән-жайлар мүше мемлекеттердің заңнамасында айқындалады.

4. Тізбеде Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес тауардың атауы, 10 таңбалы коды, сондай-ақ қадағалап отыруды жүзеге асыру мақсатында пайдаланылатын тауардың сандық өлшем бірлігі (бұдан әрі - тауардың сандық өлшем бірлігі) қамтылуға тиіс.

Комиссияның тізбені бекіту туралы немесе оған тауарды тізбеден алып тастауға байланысты өзгерістерден басқа өзгерістер енгізу туралы шешімі ресми жарияланған күнінен бастап кемінде күнтізбелік 90 күн өткен соң күшіне енеді.

#### 5. Осы Келісімнің қолданысы:

1) Одақтың кедендік аумағында қайта өңдеу жөніндегі операциялар немесе ішкі тұтыну үшін қайта өңдеу (қайта өңдеу өнімдері, қалдықтар және қалғандары) жөніндегі операциялар нәтижесінде алынған (пайда болған) және ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсіміне орналастырылған тауарларға;

2) еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларға, еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан және Одақтың тауарларынан дайындалған (алынған) және ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларға;

3) еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларға, еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан және Одақтың тауарларынан дайындалған (алынған) және ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларға;

4) жеке тұлғалар әкелуді, сатып алуды, беруді немесе иеліктен шығаруды жеке, отбасылық, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес өзге де мақсаттарда жүзеге асыратын тауарларға;

5) Одақтың кедендік аумағында орналасқан дипломатиялық өкілдіктер мен консулдық мекемелердің, мемлекеттердің халықаралық ұйымдар жанындағы

өкілдіктерінің, мүше мемлекеттердің үшінші тараппен халықаралық шарттарына және мүше мемлекеттердің, өзге де ұйымдардың немесе олардың өкілдіктерінің арасында жасалған халықаралық шарттарға сәйкес артықшылықтарды және (немесе) иммунитеттерді пайдаланатын халықаралық ұйымдардың немесе осы мүше мемлекеттің халықаралық шарттарына сәйкес мүше мемлекеттің аумағында артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланатын халықаралық ұйымдар немесе олардың өкілдіктерінің ресми пайдалануына арналған тауарларға қолданылмайды.

6. Қадағалап отыру:

1) бөлшек саудада өткізілген қадағалап отыруға жататын тауарларға;

2) мәліметтері мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес мемлекеттік құпияға (мемлекеттік құпияларға) жатқызылған ақпаратты қамтитын, қадағалап отыруға жататын тауарларға;

3) Комиссия айқындайтын жағдайларда қадағалап отыруға жататын тауарларға қатысты жүзеге асырылмайды.

7. Мүше мемлекеттердің заңнамасында тұлғалар және (немесе) ұлттық қадағалап отыру жүйесіне осындай тұлғаларды және (немесе) жағдайды айқындайтын мүше мемлекеттің аумағында қадағалап отыруға жататын тауарларды өткізген және (немесе) пайдаланған жағдайда тұлғалар осындай тауарлар айналымымен байланысты операциялар туралы мәліметтерді енгізбеуге құқылы болатын жағдайлары айқындалуы мүмкін.

### **3-бап**

1. Қадағалап отыру тетігі шеңберінде мүше мемлекеттер осы Келісімге сәйкес ұлттық қадағалап отыру жүйесінен мәліметтер алмасуды қамтамасыз етеді.

2. Ұлттық қадағалап отыру жүйелер қамтылған қадағалап отыруға жататын тауарлар және әртүрлі мүше мемлекеттердің тұлғалары арасында жасалатын, осындай тауарлар айналымымен байланысты операциялар туралы мәліметтер алмасу осы Келісімнің 8-бабына сәйкес тұрақты негізде жүзеге асырылады.

Ұлттық қадағалап отыру жүйесінде қамтылған қадағалап отыруға жататын тауарлар айналымымен байланысты осындай тауарларды бір мүше мемлекеттің аумағынан басқа мүше мемлекеттің аумағына алдыңғы өткізу алдындағы операциялар туралы мәліметтер алмасу осы Келісімнің 9-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Ұлттық қадағалап отыру жүйесінен мәліметтер алмасу Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі пайдаланыла отырып қамтамасыз етіледі.

### **4-бап**

1. Ұлттық қадағалап отыру жүйелерін құруды және жұмыс істеуін қамтамасыз етуді мүше мемлекеттер осы Келісімге және мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес ақпараттық технологияларды пайдалана отырып электрондық түрде жүзеге асырады.

2. Ұлттық қадағалап отыру жүйелеріне қадағалап отыруға жататын тауарлар және осындай тауарлар айналымымен байланысты операциялар туралы мәліметтер кіреді.

3. Комиссияның тізбені бекіту (тізбеге өзгерістер енгізу) туралы шешімі күшіне енген күнге іс жүзінде Одақтың кедендік аумағындағы, қадағалап отыруға жататын тауарлар және осындай тауарлар айналымымен байланысты операциялар туралы мәліметтер Комиссияның көрсетілген шешімімен айқындалатын мерзімдерде және тәртіппен ұлттық қадағалап отыру жүйесіне енгізуге жатады.

4. Қадағалап отыруға жататын тауарларды осындай тауарларды өткізумен байланысты емес бір мүше мемлекеттің аумағынан басқа мүше мемлекеттің аумағына өткізу туралы мәліметтерді ұлттық қадағалап отыру жүйесіне енгізу жағдайларын Комиссия айқындайды. Комиссия көрсетілген мәліметтерді ұлттық қадағалап отыру жүйесіне енгізу тәртібін айқындауы мүмкін.

5. Қадағалап отыруға жататын тауарлар және осындай тауарлар айналымымен байланысты операциялар туралы мәліметтер ұлттық қадағалап отыру жүйесіне осы Келісімнің 8 және 9-баптарына сәйкес кемінде ұлттық қадағалап отыру жүйелерінен алынатын мәліметтер алмасу үшін қажетті көлемде енгізіледі.

6. Ұлттық қадағалап отыру жүйесі:

1) қадағалап отыруға жататын тауарлар және осындай тауарлардың айналымымен байланысты операциялар туралы мәліметтердің толықтығын;

2) тізбеде көзделген тауарлардың сандық өлшем бірлігін пайдалана отырып, қадағалап отыруға жататын тауарларды есепке алуды;

3) ілеспе құжаттың тауарлар туралы мәліметтерді ұлттық қадағалап отыру жүйесіне енгізуге негіз болған құжатпен (тауарларға арналған декларациямен, тауарларға арналған декларацияны бергенге дейін тауарларды шығару туралы өтінішпен, осы Келісімнің 5-бабы 1-тармағының 2-тармақшасында көрсетілген құжаттармен) өзара байланысын;

4) кейінгі ілеспе құжаттың алдыңғы ілеспе құжатпен өзара байланысын;

5) ұлттық қадағалап отыру жүйесінде қамтылған мәліметтердің тұтастығын;

6) мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес қадағалап отыруға жататын тауарлардың (тауарлар партиясының) айналымы кезінде оларды толассыз құжаттамалық сәйкестендіруді қамтамасыз етуі тиіс.

## **5-бап**

1. Ұлттық қадағалап отыру жүйесіне мыналардан:

1) тауарларға арналған декларациядан, тауарларға арналған декларацияның түзетулерінен, тауарларға арналған декларация берілгенге дейін тауарларды шығару туралы өтініштен (осы Келісімнің 2-бабы 2-тармағының 1- тармақшасында көрсетілген тауарларға қатысты);

2) мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес осы Келісімнің 2-бабы 2-тармағының 2-4-тармақшаларында көрсетілген қадағалап отыруға жататын тауарлар ұлттық қадағалап отыру жүйесіне енгізуге негіз болатын құжаттардан;

3) ілеспе құжаттардан, оның ішінде түзетілген ілеспе құжаттардан;

4) осы Келісімнің 6-бабының 5-тармағына сәйкес қадағалап отырудың қайта басталатынын растайтын құжаттардан;

5) мүше мемлекеттердің заңнамасында және (немесе) халықаралық шарттарда және Одақтың құқығын құрайтын актілерде көзделген өзге де құжаттардан;

6) басқа мүше мемлекеттердің ұлттық қадағалап отыру жүйелерінен алынған мәліметтер енгізіледі.

2. Осы баптың 1-тармағының 2-4-тармақшаларында көрсетілген құжаттар мүше мемлекеттердің заңнамасында айқындалады.

Мүше мемлекеттердің заңнамасында ұлттық қадағалап отыру жүйесінде осы Келісімнің 6-бабының 5-тармағында көрсетілген жағдайларды сәйкестендіру белгілерін қолдану тетіктерін белгілеу және көрсетілген жағдайлар үшін құжаттардың жекелеген түрлерін бекітпестен электрондық түрде тауарлардың мәртебесін өзгерту мүмкіндігі көзделуі мүмкін.

3. Осы баптың 1-тармағының 1-5-тармақшаларында көрсетілген құжаттардан алынған мәліметтер ұлттық қадағалап отыру жүйесіне:

а) осы баптың 1-тармағының 1 және 3-тармақшаларында көрсетілген құжаттардан алынған мәліметтерге қатысты - Комиссия айқындайтын;

б) осы баптың 1-тармағының 2 және 4-тармақшаларында көрсетілген құжаттардан алынған мәліметтерге қатысты - мүше мемлекеттердің заңнамасында;

в) осы баптың 1-тармағының 5-тармақшасында көрсетілген құжаттардан алынған мәліметтерге қатысты - мүше мемлекеттердің заңнамасында және (немесе) Одақтың құқығын құрайтын халықаралық шарттарда және актілерде айқындалатын мерзімдерде енгізіледі.

4. Басқа мүше мемлекеттердің ұлттық қадағалап отыру жүйесінен алынған мәліметтер мүше мемлекеттің ұлттық қадағалап отыру жүйесіне Комиссия айқындайтын мерзімдерде енгізіледі.

5. Ұлттық қадағалап отыру жүйесіне мәліметтерді енгізуге жауапты тұлғалар мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленеді.

6. Қадағалап отыруға жататын тауарларды және осындай тауарлардың айналымымен байланысты операциялар туралы мәліметтерді ұлттық қадағалап отыру жүйелерінде сақтау мерзімін Комиссия айқындайды.

7. Осы Келісімге сәйкес қадағалап отыруды қамтамасыз ету мақсатында мәліметтер, оның ішінде алмасуы Одақ құқығын құрайтын халықаралық шарттарға және актілерге сәйкес жүзеге асырылатын тауарларға арналған декларациялардан алынған мәліметтер пайдапанылады.

## **6-бап**

1. Қадағалап отыру қадағалап отыруға жататын тауарлар айналымымен байланысты соңғы операция туралы мәліметтер ұлттық қадағалап отыру жүйесіне енгізілген күннен бастап 5 жыл өткен соң тоқтатылады, ал егер осындай операциялар жүзеге асырылмаса

- тауарларға арналған декларациялардан немесе осындай тауарлар ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларға арналған декларация берілгенге дейін тауарларды шығару туралы өтініштен немесе осы Келісімнің 5-бабы 1-тармағының 2-тармақшасында көрсетілген құжаттан алынған мәліметтер ұлттық қадағалап отыру жүйесіне келіп түскен күннен бастап 5 жыл өткен соң не қадағалап отыруға жататын тауарлардың жекелеген санаттарына қатысты Комиссия айқындаған ұзақтығы неғұрлым аз өзге мерзім өткен соң тоқтатылады.

2. Егер қадағалап отыруға жататын тауарлар тізбеден алынса, осы баптың 1-тармағында көрсетілген немесе осы баптың 1-тармағына сәйкес Комиссия айқындаған мерзім өткенге дейін қадағалап отыру тоқтатылады.

3. Комиссия осы баптың 1-тармағында көрсетілген немесе осы баптың 1-тармағына сәйкес Комиссия айқындаған мерзім өткенге дейін қадағалап отыру тоқтатылатын жағдайларды және осы жағдайларда қадағалап отыруды тоқтату мерзімін айқындауы мүмкін.

4. Мүше мемлекеттердің заңнамасында осы баптың 1-тармағында көрсетілген немесе осы баптың 1-тармағына сәйкес Комиссия айқындаған мерзім өткенге дейін қадағалап отыруды тоқтату тәртібі мен мерзімі мынадай жағдайларда айқындалуы мүмкін:

1) қадағалап отыруға жататын тауарларды мүше мемлекеттің аумағында өндірісте, оның ішінде қайта өңдеуде пайдалану;

2) қадағалап отыруға жататын тауарларды мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес өзге тәсілмен көму, залалсыздандыру, кәдеге жарату және жою;

3) қадағалап отыруға жататын тауарлардың еңсерілмейтін күштің әсері салдарынан жойылуы және (немесе) қайтарымсыз жоғалуы;

4) қадағалап отыруға жататын тауарларды бөлшек саудаға беру немесе қадағалап отыруға жататын тауарларды бөлшек саудада өткізу;

5) қадағалап отыруға жататын тауарларды Одақтың кедендік аумағынан экспорт кедендік рәсіміне не кері экспорт кедендік рәсіміне сәйкес іс жүзінде әкету.

5. Қадағалап отыруға жататын тауарлар айналымымен байланысты операциялар осы баптың 1-тармағында көрсетілген немесе осы баптың 1-тармағына сәйкес Комиссия айқындаған мерзім өткен соң не қадағалап отыруға жататын тауарлар бөлшек саудаға берілген жағдайда және (немесе) осы баптың 3-тармағына сәйкес Комиссия айқындаған жағдайларда қадағалап отыру тоқтатылғаннан кейін жасалған кезде қадағалап отыру қайта басталады.

## **7-бап**

1. Қадағалап отыруға жататын тауарлардың айналымын жүзеге асыратын тұлғалар:

1) электрондық құжаттар түрінде ресімдеу техникалық іркілістерден, жарамсыздығына, байланыс құралдарының (телекоммуникациялық желілерінің және "Интернет" ақпараттық-телекоммуникация желісінің) жұмысындағы бұзушылықтарға,

электр энергиясының өшуіне байланысты, сондай-ақ Комиссия айқындайтын өзге де жағдайларда туындаған ақпараттық жүйелердің мүмкін болмайтын жағдайды қоспағанда, мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес электрондық құжаттар түріндегі ілеспе құжаттарды ресімдеуге;

2) мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленген тәртіппен ұлттық қадағалап отыру жүйесіне енгізуге жататын толық және анық мәліметтерді ұсынуға міндетті.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген міндеттерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін қадағалап отыруға жататын тауарлар айналымын жүзеге асыратын тұлғалар мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жауапты болады.

3. Осы баптың 1-тармағында көзделген міндеттерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапшылық мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленеді.

4. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген тұлғаларға тасымалдау (көліктік экспедиция) шарты негізінде қадағалап отыруға жататын тауарлардың тасымалын жүзеге асыратын тұлғалар жатпайды.

## **8-бап**

1. Аумағынан қадағалап отыруға жататын тауарлар өткізілетін мүше мемлекет өзінің ұлттық қадағалап отыру жүйесінде қамтылған қадағалап отыруға жататын тауарлар және әртүрлі мүше мемлекеттердің тұлғалары арасында жасалатын, осындай тауарлардың айналымымен байланысты, операциялар туралы мәліметтерді аумағында осындай тауарлар өткізілетін мүше мемлекетке және аумақтары арқылы қадағалап отыруға жататын тауарлар тасымалын жүзеге асыру болжанатын мүше мемлекеттерге, сондай-ақ егер бұл аумағынан қадағалап отыруға жататын тауарлар өткізілетін мүше мемлекеттің заңнамасында көзделсе, өзге де мүше мемлекеттерге жіберуді қамтамасыз етеді.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген мәліметтерді жіберу аумағынан қадағалап отыруға жататын тауарлар өткізілетін мүше мемлекеттің ұлттық қадағалап отыру жүйесіне осындай мәліметтер келіп түскен күннен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

3. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген мәліметтер электрондық түрде мынадай құрамда (егер Комиссия өзгеше айқындамаса) жіберіледі:

1) аумағынан қадағалап отыруға жататын тауарлар өткізілетін мүше мемлекеттің коды;

2) өзінің қадағалап отыруға жататын тауарларды иелену, пайдалану және оларға билік ету құқығын басқа тұлғаға беретін тұлға туралы не осы Келісімнің 4- бабының 4-тармағына сәйкес Комиссия айқындайтын жағдайларда осындай тауарларды өткізумен байланысты емес, бір мүше мемлекеттің аумағынан басқа мүше мемлекеттің аумағына осындай тауарларды өткізуді жүзеге асыратын тұлға туралы мәліметтер:

атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);

сәйкестендіру коды (нөмірі): Армения Республикасы үшін - салық төлеушінің есепке алу нөмірі, Беларусь Республикасы үшін - төлеушінің есепке алу нөмірі,



Қазақстан Республикасы үшін - жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес сәйкестендіру нөмірі, Қырғыз Республикасы мен Ресей Федерациясы үшін – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

3) аумағына қадағалап отыруға жататын тауарлар өткізілетін мүше мемлекеттің коды;

4) осы тармақтың 2-тармақшасында көрсетілген тұлғаға тауарларды иелену, пайдалану және оларға билік ету құқығы берілген тұлға туралы мәліметтер:

атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);

орналасқан жері (тұрғылықты жері);

сәйкестендіру коды (нөмірі): Армения Республикасы үшін - салық төлеушінің есепке алу нөмірі, Беларусь Республикасы үшін - төлеушінің есепке алу нөмірі, Қазақстан Республикасы үшін - жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес сәйкестендіру нөмірі, Қырғыз Республикасы мен Ресей Федерациясы үшін - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

5) ілеспе құжаттың тіркеу нөмірі және күні;

6) ілеспе құжатқа сәйкес қадағалап отыруға жататын тауардың реттік нөмірі;

7) ілеспе құжатқа сәйкес қадағалап отыруға жататын тауардың атауы;

8) қадағалап отыруға жататын тауарға қатысты ілеспе құжатта пайдаланылатын сандық өлшем бірлігі (егер мұндай өлшем бірлік тізбеде көзделген тауардың сандық өлшем бірлігіне сәйкес келсе, жіберілмеуі мүмкін);

9) ілеспе құжатта пайдаланылатын өлшем бірлігінде көрсетілген қадағалап отыруға жататын тауардың саны (егер тауардың саны тізбеде көзделген тауардың сандық өлшем бірлігінде көрсетілсе, жіберілмеуі мүмкін);

10) тізбеде көзделген қадағалап отыруға жататын тауардың сандық өлшем бірлігі;

11) ілеспе құжатта тізбеде көзделген тауардың сандық өлшем бірлігінде көрсетілген қадағалап отыруға жататын тауардың саны;

12) тауарларға арналған декларацияның тіркеу нөмірі, оған сәйкес қадағалап отыруға жататын тауарлар ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсімімен орналастырылады (осы Келісімнің 2-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген қадағалап отыруға жататын тауарларға қатысты);

13) тауарларға арналған декларацияға сәйкес қадағалап отыруға жататын тауардың реттік нөмірі (осы Келісімнің 2-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген қадағалап отыруға жататын тауарларға қатысты);

14) тауарларға арналған декларацияны бергенге дейін тауарларды шығару туралы өтініштен алынатын мәліметтер оған сәйкес қадағалап отыруға жататын тауарлар ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсімімен орналастырылатын (осы Келісімнің 2-бабы 2-тармағының 1-тармақшасында көрсетілген қадағалап отыруға жататын тауарларға қатысты және егер ілеспе құжат тауарларға арналған декларация берілгенге дейін тауарларды шығару туралы осындай өтінішпен өзара байланысты болса); тіркеу нөмірі;

қадағалап отыруға жататын тауардың реттік нөмірі; жөнелту елі; межелі ел; валюта; қадағалап отыруға жататын тауардың құны;

қадағалап отыруға жататын тауардың атауы және оның сипаттамасы; тауарларға арналған декларация берілгенге дейін тауарларды шығару туралы өтініште көрсетілген Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес қадағалап отыруға жататын тауардың коды;

тауарларға арналған декларация берілгенге дейін тауарларды шығару туралы өтініште көрсетілген қадағалап отыруға жататын тауардың өлшем бірлігі (егер мұндай өлшем бірлік тізбеде көзделген тауардың сандық өлшем бірлігіне сәйкес келсе, жіберілмеуі мүмкін);

тауарларға арналған декларация берілгенге дейін тауарларды шығару туралы өтініште көрсетілген қадағалап отыруға жататын тауардың өлшем бірлігі (егер тауардың саны тізбеде көзделген тауардың сандық өлшем бірлігінде көрсетілсе, жіберілмеуі мүмкін);

тізбеде көзделген тауардың сандық өлшем бірлігінде қадағалап отыруға жататын тауардың саны;

қадағалап отыруды жүзеге асыру мақсатында пайдаланылатын тауардың сандық өлшем бірлігіндегі қадағалап отыруға жататын тауардың саны; қадағалап отыруға жататын тауардың брутто салмағы; қадағалап отыруға жататын тауар шығарылған елі;

15) мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес осы Келісімнің 2-бабы 2-тармағының 2 - 4-тармақшаларында көрсетілген тауарларды ұлттық қадағалап отыру жүйесіне енгізуге негіз болған құжаттың атауы, тіркеу нөмірі және күні;

16) ілеспе құжаттарға сәйкес (бар болса) қадағалап отыруға жататын тауардың межелі пункттері (жеткізу, түсіру) туралы мәліметтер;

17) түгендеу актісінің (бар болса) күні және тіркеу нөмірі;

18) түгендеу актісіне (бар болса) сәйкес қадағалап отыруға жататын тауардың реттік нөмірі;

19) қадағалап отыруға жататын (ұлттық қадағалап отыру жүйесінде болған кезде) тауар бірлігіне салынған сәйкестендіру нөмірі;

20) Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес қадағалап отыруға жататын тауардың коды.

4. Осы баптың 3-тармағының 2-тармақшасында көрсетілген тұлғаларға тасымалдау (тасымалдау экспедициясы) шарты негізінде қадағалап отыруға жататын тауарларды тасымалдауды жүзеге асыратын тұлғалар жатпайды.

## **9-бап**

1. Аумағынан қадағалап отыруға жататын тауарлар өткізілетін (өткізілген) мүше мемлекет аумағына осындай тауарлар өткізілетін (өткізілген) мүше мемлекеттің уәкілетті органының сұрау салуы негізінде осы мүше мемлекеттің ұлттық қадағалап отыру жүйесінде қамтылған осындай тауарларды бір мүше мемлекеттің аумағынан

екінші мүше мемлекеттің аумағына өткізу алдындағы қадағалап отыруға жататын тауарлар айналымымен байланысты операциялар туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етеді.

2. Қадағалап отыруға жататын тауарларды бір мүше мемлекеттің аумағынан басқа мүше мемлекеттің аумағына өткізу алдындағы, осындай тауарлар айналымымен байланысты операциялар туралы ұлттық қадағалап отыру жүйелерінде қамтылған мәліметтерді беру туралы сұрау салуларды жіберу және орындау тәртібін, сондай-ақ берілетін мәліметтердің құрамын және оларды беру мерзімдерін Комиссия айқындайды.

3. Осы баптың 1-тармағына сәйкес сұратылған мәліметтер осы Келісімнің 5-бабының 6-тармағына сәйкес Комиссия айқындайтын ұлттық қадағалап отыру жүйелерінде мәліметтерді сақтау мерзімінен аспайтын кезең үшін беріледі.

## **10-бап**

1. Осы Келісімді іске асыру мақсатында қадағалап отыруға жататын тауарлар ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсімімен орналастырылатын тауарларға арналған декларацияда және тауарларға арналған декларация берілгенге дейін тауарларды шығару туралы өтініште, осы Келісімнің 5-бабы 1-тармағының 2-тармақшасында көрсетілген құжаттарда және ілеспе құжаттарда тізбеде көзделген тауарлардың сандық өлшем бірліктері және қадағалап отыруға жататын тауарлардың осындай бірліктердегі саны туралы мәліметтер көрсетілуге жатады. Мұндай мәліметтер тауарларға арналған декларацияны және тауарларға арналған декларация берілгенге дейін тауарларды шығару туралы өтінішті толтыру үшін тауарларға арналған декларацияда және тауарларға арналған декларация берілгенге дейін тауарларды шығару туралы өтініште Комиссия айқындаған тәртіппен, ал осы Келісімнің 5-бабы 1-тармағының 2-тармақшасында көрсетілген құжаттарда және ілеспе құжаттарда мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес белгіленген тәртіппен көрсетіледі.

2. Қадағалап отыруға жататын тауарларды кедендік декларациялау Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінде және (немесе) Комиссия айқындаған және Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексіне сәйкес мүше мемлекеттердің заңнамасында айқындалған ерекшеліктермен жүзеге асырылатын не мұндай тауарлар Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексіне сәйкес тауарларға арналған декларацияны бергенге дейін шығарылған жағдайлар үшін Комиссия қадағалап отыру және (немесе) қадағалап отыру тетігінің жұмыс істеу ерекшеліктерін айқындауы мүмкін.

3. Армения Республикасының аумағынан басқа мүше мемлекеттің аумағына қадағалап отыруға жататын тауарларды өткізу кезінде транзиттік декларацияда ілеспе құжаттың тіркеу нөмірі мен күні көрсетіледі.

Осындай тауарлар туралы мәліметтер осы Келісімнің 8-бабының 3-тармағында көрсетілген құрамда Армения Республикасының аумағынан басқа мүше мемлекеттің

аумағына өткізілген кезге дейін Армения Республикасының ұлттық қадағалап отыру жүйесіне енгізіледі және осы Келісімде белгіленген тәртіппен және жағдайларда басқа да мүше мемлекеттердің ұлттық қадағалап отыру жүйелеріне жіберіледі.

Ілеспе құжаттың тіркеу нөмірі, күні туралы мәліметтер транзиттік декларацияны толтыру үшін Комиссия айқындаған тәртіппен транзиттік декларацияда көрсетіледі.

### **11-бап**

1. Бір мүше мемлекеттің аумағынан екінші мүше мемлекеттің аумағына қадағалап отыруға жататын тауарлардың өткізілуіне осындай өткізумен байланысты операциялар туралы мәліметтер ұлттық қадағалап отыру жүйесінде техникалық іркілістерден туындаған ақпараттық жүйелердің жарамсыздығына, байланыс құралдарының (телекоммуникация желілерінің және "Интернет" ақпараттық-телекоммуникациялық желілерінің) жұмысындағы бұзушылықтарға, электр энергиясының өшіруіне байланысты жағдайларды қоспағанда, ұлттық қадағалап отыру жүйесінде осындай мәліметтер болмаған кезде, сондай-ақ Комиссия айқындаған өзге де жағдайларда жол берілмейді.

2. Комиссия техникалық іркілістерден туындаған ақпараттық жүйелердің жарамсыздығына, байланыс құралдарының (телекоммуникация желілерінің және "Интернет" ақпараттық-телекоммуникация желілерінің) жұмысындағы бұзушылықтарға, электр энергиясының өшуіне байланысты қадағалап отыруға жататын тауарларды өткізумен байланысты операциялар туралы мәліметтер ұлттық қадағалап отыру жүйесінде болмаған жағдайда, сондай-ақ осы баптың 1-тармағына сәйкес Комиссия айқындаған өзге де жағдайларда бір мүше мемлекеттің аумағынан екінші мүше мемлекеттің аумағына осындай өткізудің құқыққа сыйымдылығын растау тәртібін және мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына ақпараттық жүйелердің жарамсыздығы туралы хабарлау тәртібін айқындайды.

Ақпараттық жүйелердің жарамсыздығы туралы тұлғаларға хабарлау тәртібі мүше мемлекеттердің заңнамасында айқындалады.

3. Мүше мемлекеттер өз заңнамасына сәйкес қадағалап отыруға жататын тауарлар айналымын бақылауды қамтамасыз етеді.

### **12-бап**

1. Осы Келісімге сәйкес ұлттық қадағалап отыру жүйелеріне енгізілген қадағалап отыруға жататын тауарлар және мұндай тауарлар айналымымен байланысты операциялар туралы мәліметтерді мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес айқындалған мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдары осы Келісімге сәйкес қадағалап отыру мақсатында ғана пайдаланады.

Мүше мемлекеттер мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының көрсетілген мәліметтерді құқыққа сайынсыз таратуынан қорғау жөнінде қажетті

шараларды қабылдайды және мұндай мәліметтерге қол жеткізуге рұқсаты бар адамдардың аясын шектеуді, сондай-ақ олардың өз заңнамасына сәйкес қорғалуын қамтамасыз етеді.

2. Осы Келісімнің 13-бабының 1-тармағына сәйкес айқындалған мүше мемлекеттердің билік органдары және (немесе) ұйымдары, сондай-ақ осы Келісімге сәйкес ұлттық қадағалап отыру жүйелеріне енгізілген мәліметтерге рұқсат алған, осы баптың 1-тармағында көрсетілген мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдары, олардың лауазымды адамдары (қызметкерлері) осы Келісімге сәйкес және (немесе) мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленген жағдайларда мұндай ақпаратты беруді қоспағанда, коммерциялық, салықтық, банктік және мүше мемлекеттердің заңнамасымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты, сондай-ақ басқа да құпия ақпаратты жария етуге, өзінің жеке мақсатында пайдалануға не өзге де тұлғаларға беруге (оның ішінде мүше мемлекеттердің мемлекеттік органдарына) құқылы емес.

### **13-бап**

1. Мүше мемлекеттердің үкіметтері осы Келісім күшіне енген күнінен бастап күнтізбелік 120 күн ішінде:

1) мүше мемлекеттің осы Келісімге сәйкес қадағалап отыру тетігін іске асыруды үйлестіруді қамтамасыз етуге уәкілетті мемлекеттік билік органын;

2) ұлттық қадағалап отыру жүйесіне енгізілетін мәліметтерді жинауды, есепке алуды, сақтауды және өңдеуді және (немесе) қадағалап отыру тетігін іске асыруды қамтамасыз етуге уәкілеттік берілген мүше мемлекеттің мемлекеттік билік органын не ұйымын айқындайды.

2. Мүше мемлекеттер осы баптың 1-тармағында көрсетілген мемлекеттік билік органдары және (немесе) ұйымдар айқындалған күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде олар туралы Комиссияға хабарлайды.

3. Осы баптың 1-тармағының 1-тармақшасында көрсетілген мүше мемлекеттің мемлекеттік билік органы өзі айқындалған күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде ілеспе құжаттың атауы туралы Комиссияға хабарлайды ондағы мәліметтер ұлттық қадағалап отыру жүйесіне енгізіледі.

4. Комиссия осы баптың 2 және 3-тармақтарына сәйкес ақпаратты алған күннен кейінгі күннен бастап күнтізбелік 10 күн ішінде оны мүше мемлекеттердің назарына жеткізеді.

### **14-бап**

1. Қадағалап отыру тетігін енгізу кезең-кезеңмен жүзеге асырылады.

2. Бірінші кезеңде қадағалап отыру тетігі пилоттық жоба шеңберінде жұмыс істейді.

3. Мүше мемлекеттер осы Келісім күшіне енген күннен бастап, бірақ ерте дегенде көрсетілген күннен кейінгі айдың 1 күнінен кейін, 12 ай өткен соң қадағалап отыру тетігін енгізу жөнінде пилоттық жобаны іске асыруға кірісуге міндеттенеді.

Қадағалап отыру тетігін енгізу жөніндегі пилоттық жобаны іске асырудың мерзімдері мен шарттарын Комиссия айқындайды.

4. Мүше мемлекеттер пилоттық жобаны іске асыру басталған күннен бастап пилоттық жоба шеңберінде қадағалап отыру тетігін іске асыруға қажетті көлемде ұлттық қадағалап отыру жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

5. Қадағалап отыру тетігі пилоттық жоба нәтижелері бойынша қабылданған Еуразиялық үкіметаралық кеңестің шешіміне сәйкес тұрақты негізде жұмыс істей бастайды.

Еуразиялық үкіметаралық кеңестің қадағалап отыру тетігінің тұрақты негізде жұмыс істей бастауы туралы шешімі, ол ресми жарияланған күнінен бастап ерте дегенде бұрын емес, күнтізбелік 90 күн өткен соң күшіне енеді.

### **15-бап**

1. Комиссия кез келген мүше мемлекеттің өтініші бойынша күнтізбелік 10 күн ішінде мүше мемлекеттердің қадағалап отыру тетігінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуіне бақылауды жүзеге асырады және осындай бақылау нәтижелері туралы мүше мемлекеттерді хабардар етеді.

Комиссияның қадағалап отыру тетігінің жұмыс істеуін мүше мемлекеттердің қамтамасыз етуіне бақылауды жүзеге асыру және осындай бақылау нәтижелері туралы мүше мемлекеттерді хабардар ету тәртібін Комиссия айқындайды.

2. Егер Комиссия осындай бақылау нәтижелері бойынша мүше мемлекеттердің бірі қадағалап отыру тетігінің жұмыс істеуін қамтамасыз етпейтінін анықтаса, басқа мүше мемлекеттер мұндай мүше мемлекетке осы Келісімнің 8-бабына сәйкес тұрақты негізде мәліметтерді жіберуді және осы Келісімнің 9-бабына сәйкес мәліметтерді беруді тоқтата тұруға құқылы.

3. Қадағалап отыру тетігінің жұмыс істеуін қамтамасыз етпеген мүше мемлекетке осы Келісімнің 8-бабына сәйкес тұрақты негізде мәліметтерді жіберу және осы Келісімнің 9-бабына сәйкес мәліметтерді беру Комиссия осындай мүше мемлекеттің қадағалап отыру тетігінің жұмыс істеуін қамтамасыз еткенін расталған және бұл туралы мүше мемлекеттерді хабардар еткеннен кейін Комиссия айқындайтын мерзімде қайта басталады.

4. Комиссия осы Келісімнің 8-бабына сәйкес тұрақты негізде мәліметтер жіберуді және осы Келісімнің 9-бабына сәйкес мәліметтер беруді тоқтата тұрған кезең ішінде мүше мемлекеттің қадағалап отыру тетігінің жұмыс істеуін қамтамасыз етпеу фактісін анықтағаннан кейін жіберуді (беруді) тоқтата тұрған мүше мемлекеттер өз заңнамасына сәйкес мәліметтерді жіберу (беру) тоқтатылған мүше мемлекеттердің аумағынан өздерінің аумағына өткізілетін, қадағалап отыруға жататын тауарлардың қадағаланып отырылуын қамтамасыз ету үшін қосымша шаралар енгізуге құқылы.

Мұндай шараларды сақтау осындай шараларды енгізген мүше мемлекеттің аумағына қадағалап отыруға жататын тауарларды өткізудің міндетті шарты болып табылады.

Комиссия мүше мемлекеттің қадағалап отыру тетігінің жұмыс істеуін қамтамасыз етпеу фактісін анықтағанға дейін басқа мүше мемлекеттердің осы тармақта көрсетілген қосымша шараларды енгізуге құқығы жоқ.

## **16-бап**

1. Мүше мемлекеттер өзінің заңнамасына сәйкес ұлттық қадағалап отыру жүйесінде осы Келісімде көзделмеген, бірақ оған қайшы келмейтін ерекшеліктерді қолдануға құқылы.

2. Мүше мемлекеттер өзінің заңнамасына сәйкес өз аумағында осы Келісімге сәйкес құрылған және жұмыс істейтін ұлттық қадағалап отыру жүйесін осы Келісімге қадағалап отыруға жатпайтын және айналымы мүше мемлекеттің аумағында жүзеге асырылатын тауарларға қатысты, сондай-ақ осындай тауарлар айналымымен байланысты операцияларға қатысты пайдалануға құқылы.

Осы Келісімге сәйкес құрылған және жұмыс істейтін ұлттық қадағалап отыру жүйесін мұндай пайдалану өзге мүше мемлекеттердің аумағында көрсетілген тауарлардың айналымы туралы мәліметтер беруді талап етуге негіз бола алмайды.

3. Осы Келісімді қолдану мүше мемлекеттерде Одақтың құқығын құрайтын халықаралық шарттар мен актілерге және (немесе) мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес өзге талаптар мен міндеттемелер қолданылатын, мүше мемлекеттерде енгізілген және пайдаланылатын, осы Келісімге сәйкес тауарлар, оның ішінде қадағалап отыруға жататын тауарлар туралы мәліметтерді жинаудың, есепке алудың және сақтаудың өзге де жүйелерінің жұмыс істеуіне кедергі келтірмейді.

## **17-бап**

1. Комиссия осы Келісім күшіне енген күннен бастап күнтізбелік 120 күн ішінде:

1) ілеспе құжаттың, тіркеу нөмірінің құрылымын қоса алғанда, оны бірегей сәйкестендіруге қойылатын талаптарды;

2) осы Келісімнің 13 бабының 1-тармағына сәйкес айқындалған мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының және (немесе) ұйымдарының және Комиссияның өзара іс-қимыл тәртібін, сондай-ақ осы Келісімнің орындалуын бақылау мақсатында алмасуын мүше мемлекеттердің көрсетілген мемлекеттік билік органдары, ұйымдары және Комиссия жүзеге асыратын ақпараттың құрылымы мен форматына қойылатын талаптарды;

3) Жалпы процестерді іске асыру қағидаларын және Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезінде қадағалап отыру тетігін регламенттейтін технологиялық құжаттарды айқындайды.

2. Егер Одақ құқығын құрайтын халықаралық шарттар мен актілерде мүше мемлекеттердің электрондық ілеспе құжаттармен алмасуы және оларды өзара тануы

көзделген жағдайда, Комиссия Одақ шеңберінде ақпаратты жинау және беру процестерінің қайталауын болдырмау үшін қадағалап отыру тетігін қамтамасыз ететін технологиялық құжаттарға өзгерістер енгізе алады.

#### **18-бап**

Мүше мемлекеттердің өзара келісуі бойынша осы Келісімге жеке хаттамалармен ресімделетін және осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер енгізілуі мүмкін.

#### **19-бап**

Осы Келісімге ескертпелерге жол берілмейді.

#### **20-бап**

Осы Келісімді түсіндіруге және (немесе) қолдануға байланысты даулар 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта айқындалған тәртіппен шешіледі.

#### **21-бап**

Осы Келісім Одақ шеңберінде жасалған халықаралық шарт болып табылады және Одақтың құқығына кіреді.

#### **22-бап**

Осы Келісім осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді мүше мемлекеттердің орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны депозитарий дипломатиялық арналар арқылы алған күннен бастап күшіне енеді.

2019 жылғы "29" мамырда Нұр-Сұлтан қаласында бір төлнұсқа данада орыс тілінде жасалды.

Осы Келісімнің төлнұсқа данасы Еуразиялық экономикалық комиссияда сақталады, ол осы Келісімнің депозитарийі бола отырып, әрбір мүше мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

Армения Республикасы үшін	Беларусь Республикасы үшін	Қазақстан Республикасы үшін	Қырғыз Республикасы үшін	Ресей Федерациясы үшін
------------------------------	-------------------------------	--------------------------------	-----------------------------	------------------------------

Аталған хаттама 2019 жылғы 29 мамырда Нұр-Сұлтан қаласында:

Армения Республикасы үшін Армения Республикасының Премьер-министрі Н.В. Пашинян;

Беларусь Республикасы үшін Беларусь Республикасының Президенті А.Г. Лукашенко;

Қазақстан Республикасы үшін Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев;

Қырғыз Республикасы үшін Қырғыз Республикасының Президенті С. Ш.

Жээнбеков;

Ресей Федерациясы үшін Ресей Федерациясының Президенті В. В Путин қол қойған Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінген тауарларды қадағалап



отыру тетігі туралы келісімге 2019 жылғы 29 мамырда қол қойылған хаттаманың толық және тең түпнұсқалық көшірмесі болып табылатынын куәландырамын.

Хаттаманың түпнұсқасы Еуразиялық экономикалық комиссияда сақталады.

Барлығы тігінделген,  
көшірменің 3 парағына қол қойылып, мөрмен  
бекітілген

(Мөр белгісі)

*Еуразиялық экономикалық комиссиясы*  
*Құқық департаментінің директоры*

*В. И. Тараскин*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК